

ЖОБА

2021-2023 жылдарға арналған Алға аудандық бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2021-2023 жылдарға арналған Алға аудандық бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 6 560 336 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 902 240 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 32 190 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 32 545 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 5 593 361 мың теңге;

2) шығындар – 6 560 336 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 25 578 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 25 578 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті)- -25 578 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 25 578 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 25 578 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге;

2. Аудандық бюджеттің кірісіне есептелетін болып белгіленетін:

жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мүлкіне салық;

жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

көлік құралдарына салық;

акциз, мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

тіркелгені үшін жергілікті бюджетке төленетін алым;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

ойын бизнесіне салық;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж:

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге салынатын айыппұлдар, өсімдер, санкциялар, өндіріп алулар;

аудан бюджетіне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.

3. Қазақстан Республикасының «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 917 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 34 302 теңге.

4. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілген субвенция көлемі 4 498 000 мың теңге сомасында көзделді.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

5. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық бюджеттен қала және ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін субвенция көлемі 711 521 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Алға қаласына – 313 297 мың теңге;

Маржанбұлаққа – 59 084 мың теңге;

Бестамаққа – 75 266 мың теңге;

Тамдыға – 67 496 мың теңге;

Ақайға – 17 489 мың теңге;

Бесқоспаға – 19 556 мың теңге;

Қарабұлаққа – 16 213 мың теңге;

Қарағашқа – 19 555 мың теңге;

Қарақұдыққа – 24 425 мың теңге;

Қарақобдаға – 18 301 мың теңге;

Сарықобдаға – 16 949 мың теңге;

Тоқмансайға – 42 497 мың теңге;

Үшқұдыққа – 21 393 мың теңге;

6. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен келесідей ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

еңбек нарығын дамытуға;

мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге;

мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

7. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен келесідей нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыруға;

көлік инфрақұрылымын дамытуға.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

8. 2021 жылға арналған аудандық бюджетіне облыстық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

жалпы білім беретін мектептердің компьютерлік техникаларын жаңартуға;

жалпы білім беретін мектептердің жаңа модификациялы кабинеттеріне сервистік қызмет көрсетуге;

білім беру мекемелерінде бейне бақылау камераларын орнатуға;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тамақтануға ақы төлеуді төмендетуге;

аз қамтылған отбасы балалары үшін кепілді әлеуметтік пакетті қамтамасыз етуге;

педагог қызметкерлердің 42 күнтізбелік күнге ұзақтығы 56 күнге дейін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын ұлғайтуға;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге;

білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтардың лауазымдық жалақысының көлемін ұлғайтуға;

тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

магистр дәрежесі бар мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

жас мұғалімдерге тәлімгерлігі үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру қызметкерлеріне дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайтуға;

халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге;

алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың құнын иелеріне өтеуге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді – мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге;

нәтижелі жұмыспен қамтуға және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

9. 2021 жылға арналған аудандық бюджетіне облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттер түскені ескерілсін:

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыруға;

көлік инфрақұрылымын дамытуға.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

10. 2021 жылға ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 21 160 мың теңге сомасында бекітілсін.

11. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

12. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы**

М. Муратбаев

**Аудандық
мәслихат хатшысы**

Б. Жұмабаев